

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2018 жылғы «22» қазандағы
№ 11-1-4/475 бұйрығына
6-қосымша

**«Шетелде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «Шетелде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 11-1-4/183 бұйрығымен бекітілген «Шетелде атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17089 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік не Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті
берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл
тәртібін сипаттау**

5. Жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) не оның өкілдікке өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынған заңды өкілінің өтінішінің болуы мемлекеттік қызметті көрсету рәсімін (іс-қимылын) бастауға негіз болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауы, тексеруі және тіркеуі – 1 (бір) жұмыс күні;

2-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарау және талдау жүргізу – күнтізбелік 28 (жиырма сегіз) күн не Стандарттың 4-тармағы 1) тармақшасында көзделген өзге мерзім;

3-рәсім (іс-қимыл) – көрсетілетін қызметті берушінің азаматтық хал актіні тіркеуі, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлікті ресімдеуі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беруі – 1 (бір) жұмыс күні.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің нәтижесі келесі рәсімдердің (іс-қимылды) орындалуын бастауға негіз болады:

1-рәсім (іс-қимыл) бойынша – құжаттардың қабылданғаны туралы өтініштің көшірмесіне белгі қою;

2-рәсім (іс-қимыл) бойынша – көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адамының азаматтық хал актіні тіркеу бойынша шешімі;

3-рәсім (іс-қимыл) бойынша – азаматтық хал актісі, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы куәлік не Стандарттың 10-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібінде көрсетіледі.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам қатысады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам көрсетілетін қызметті алушының келіп түскен құжаттарын қарастырады және олардың 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 болып тіркелді), сондай-ақ Стандарттың 9-тармағына сәйкестігін тексереді – күнтізбелік 28 (жиырма сегіз) күн;


көрсетілетін қызметті беруші консулдық лауазымды адам азаматтық хал актіні тіркейді, көрсетілетін қызметті алушыға атын, әкесінің атын, тегін

ауыстыру туралы куәлікті ресімдейді не бас тарту туралы дәлелді жауап береді – 1 (бір) жұмыс күні.


10. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдері (іс-қимылдары), өзара іс-қимылдары реттілігін толық сипаттау және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау осы Регламентке қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілген.

«Шетелде атын, әкесінің атын, тегін
ауыстыруды мемлекеттік тіркеу»
мемлекеттік қызмет көрсету
регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірлік (ҚФБ) атауы;



- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.